

Өліара- ескі ай бітіп,
жаңа ай туғанға дейінгі
аралық. Аспанда ай
көрінбейтін кез. Айдың
ортасына таман 9-15
аралығында әрқалай аспанда 3-
4 күн ай мүлдем болмайды.
Өліарадағы ауа райы, туар ай
да қайталанады деген ұғым
қалыптасқан. «Өліарада
жауын-шашын болса, туар ай
да жауынды-шашынды
болады» дейді халқымыз.
Қазақ халқы ауа райына
қатысты болжамдарды өмірден
алған. «Өліара», «тоғыста» күн
бұзылатынын алдын-ала
білген. Сондықтан да бұл
күндері қолшатырыңызды
алып жүруді ұмытпаңыз.


Амал- жыл он екі айда
айналып соғып тұратын
ыстық пен суықты, қар мен
жаңбырды, жел мен боранды
халық бір сөзбен "Амал" деп
атаған. Яғни, жылдың әр
мезгілдеріндегі табиғат
құбылыстарының өткінші әрі
тосын, аз уақытта болып
өтетін өзгерісі мен көрінісін
және оның бірнеше түрлерін
айтқан. Ұлттық сандық
ұғымда жеті амал бар. Олар:

- 1.Күннің тоқырауы.
- 2.Қарашаның қайтуы.
- 3.Үркердің батуы.
- 4.Мұздың қатуы.
- 5.Киіктің матауы.
- 6.Қыс тоқсан.
7. Ай тоғымы.

Бесқонақ - жыл аяғында, яғни наурыз айының 17-21 күндері аралығында болатын жауынды-шашынды күндер. Бұл - әр жылы соғып өтетін суық әрі лайсаң мезгіл. Жұрт бесқонақтан қатты сақтанып, күтініп отырған.




Мизам шуақ - қыркүйек айының екінші онкүндігінде салқын басталады, жаңбыр жауады, түнде шөп басына шық түседі. Осы кездерде күндіз шуақты күндер де болады. Далада ұзынан- ұзақ мизамдар (өсімдік ұлпасынан болатын, сағым іспетті ақ сілбі) шұбатылады. Мұндай жылы мезгілдерді "мизам шуақ" деп атайды.




Қыс шілдесі - қаңтардың соңғы күндерінде қыс күшіне енеді. Түкірік жерге түспейтін сақылдаған сары аяз болады. Мұны қазақтар "қыс шілдесі" деп атаған.



Үркердің батуы - маусым айының басында үркердің мүлде көрінбей кетуі. Кейде мұны үркердің жерге түсуі дейді. Осыдан кейін 40 күн шілде басталады. "Үркер жерге түспей жер қызбайды" деп халық жұлдызшылары мен есепшілері алдағы қатты ыстықты болжаған.




Тобылғы жарған -
сәуірдің соңғы күндерінде
2-3 күнге созылатын суық
жел соғады. Бұл - тобылғы
бүршік жарды, яғни
өсімдіктер тамыр жайды,
алғашқы көк шыға бастады
деген сөз.



Қырбастың қызылы-
желтоқсанның басында
болатын алғашқы аяз.
Қазақстанның
солтүстігінде қыс ерте
түседі. Бұл кездерде
қатты аязды суықтар
болады.



Сүмбіленің тууы-
Сүмбіле жұлдызының
көрінетін мезгілі.
"Сүмбіле туса- су суыр"
дейді халық қағидасы,
яғни қыркүйектің соңғы
онкүндігінде күз келеді,
суықты күндер, жауын
басталады.



Қызыр қамшысы -
сәуір айының орта кезінен аса
бере алғаш найзағай ойнайды,
жаңбыр жауады, жер бусанады,
оңтүстікте жаздың жайлы
күндері басталады. Осы
сәттердегі найзағайдың
жарқылын халық "қызырдың
қамшысы шартылдады, қыс
кетті" деп есептейді.

